

**КОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ КЕЗЕКТЕН ТЫС
МӘЖІЛІСІНІҢ**
№ 2_А_ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

10.02.2026 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы Ә.Х.Сарыбаева, АК мүшесі: Академиялық персонал Г.Т.Сарбаева, Г.Н.Жылысбаева, Д.К.Берді, М.Т.Сарбаева, Ш.М.Беласарова, Н.Ә.Шектібаев, К.А.Қатпаева, Ш.Ж.Раманкулов, Б.Б.Тойжигитова, А.М.Сейтметова, Б.З.Умиров, И.М.Омарова, Ж.Н.Турганбаева, М.А.Мұратбекова, Г.Д.Кошанова, Ә.Б.Аманжолова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі: А.А.Миндетбаева, Ж.Ж.Азретбергенова, Р.А.Ускенова, Б.З.Әбдіқадыр, АК мүшесі, білімгерлер өкілі: А.Б.Дәнебек, Н.Қ.Ергешбай, А.Ш.Уәлиханова, С.Е.Төлбасы, М.Е.Оңалбек, П.Б.Елтияр, А.Г.Хабибуллаев, Е.З.Уксикбаев, Н.Ж.Жұмабай, А.Ф.Ілесова, Н.Н.Оралбай, Б.Н.Мұсабек, А.П.Шерімбекова, Д.Е.Сындыбай, Жаратылыстану ғылымдары факультеті деканы, х.ғ.к., профессор Р.Н.Нұрділлаева, Физика кафедрасының меңгерушісі PhD, аға оқытушы Б.Ж.Сейтов, Биология кафедрасының меңгерушісі м.а. Умиров Б., Математика кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент М.Д.Кошанова, Экология және химия кафедрасының меңгерушісі х.ғ.к., доцент м.а. Қ.Сарбаева.

Қатыспағандар: -**Күн тәртібі:**

1. 8D01502-Математика білім беру бағдарламасын өңдеп, талапқа сай 2026-2027 оқу жылында қайта ашуға ұсынысты бекіту, Реестрге енгізу.
2. 6B01562-Химия-биология білім беру бағдарламасын жаңа ББ ретінде бекіту, Реестрге енгізу.

АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, қатысушылар, бүгінгі күн тәртібінде мәселелер бойынша 8D01502-Математика білім беру бағдарламасын өңдеп, талапқа сай 2026-2027 оқу жылында қайта ашуға ұсыну, 6B01562-Химия-биология білім беру бағдарламасын жаңа ББ ретінде реестрге енгізуге ұсыну бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

Бірінші мәселе бойынша, Математика кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент М.Д.Кошанова: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына сәйкес докторантура (PhD) білім беру бағдарламалары ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға және ғылыми зерттеулер жүргізуге бағытталуы тиіс. Кафедраның ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының докторанттарды оқытуға жеткілікті болуына орай, Жаратылыстану ғылымдары факультетіне қарасты «Математика» кафедрасында қолданыстағы «Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау» бағыты бойынша 3 жылдық 8D01502 - Математика білім беру бағдарламасын өңдеп, талапқа сай 2026-2027 оқу жылына қайта ашу ұсынылады.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал М.Т.Сарбаева алды: 8D01502-Математика білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталуы тиіс. Кафедраның ғылыми әлеуеті жеткілікті, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесі бар. 8D01502-Математика білім беру бағдарламасын қайта

ашу университеттің ғылыми көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан білім беру бағдарламасын заманауи талаптарға сәйкес жаңартып, қайта ашуды қолдаймын.

АК мүшесі, академиялық персонал М.А.Мұратбекова: 8D01502-Математика докторантура білім беру бағдарламасын қайта ашу жас ғалымдарды даярлауға және кафедраның ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Бағдарламаны қайта ашу білім беру жүйесіндегі математиканы оқыту әдістемесін жетілдіруге және педагог-зерттеушілер даярлауға мүмкіндік береді. Ұсынысты қолдаймын.

Шешім: 8D01502–Математика білім беру бағдарламасы бекітіліп, Реестрге енгізуге ұсынылсын.

Екінші мәселе бойынша Экология және химия кафедрасының меңгерушісі х.ғ.к., доцент м.а. Қ.Сарбаева: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығының №31 тармағында көрсетілген (Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР ҒЖБМ м.а. 04.03.2025 № 90 бұйрығымен) өзгерістерді негізге ала отырып «6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау» бағыты бойынша дайындалған 6B01562-Химия-биология білім беру бағдарламасын жаңа ББ ретінде реестрге енгізуге ұсынылады.

АК мүшесі, академиялық персонал Г.Н.Жылысбаева: 6B01562 – «Химия-биология» бағдарламасы аталған талаптарға сәйкес әзірленген. Бағдарламаны жаңа ББ ретінде реестрге енгізу орынды деп санаймын. Ұсынысты қолдаймын.

Шешім: 6B01562 – «Химия-биология» білім беру бағдарламасы бекітіліп, Реестрге енгізуге ұсынылсын.

Мәжіліс төрайымы:



Ә.Х.Сарыбаева

Хатшысы:



Г.Д.Қошанова